

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Нурбекова Салтанат Молотовнаның «8D01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Зерттеу жұмысы ғылымның өзекті бағыты мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес орындалған. Қазақстан Республикасының білім беру саласында жаңа өзгерістер қарқанды көрініс тауып, үнемі жаңа технологиялардың пайда болуына, жетіліп толығына байланысты бәсекелестікке толы қазіргі қоғамда креативті тұлғалардың орны ерекше. Болашақта шығармашыл кәсіп иесі болу үшін балалардың креативтік әлеуетін мектепке дейінгі кезеңнен бастап дамыту қажеттілігі туындауда. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативті ойлауын ойын арқылы дамыту мәселесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында (14.10.2022 № 422 бұйрығы бойынша өзгерістер мен толықтырулар), Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделінде (2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы) көрсетілген. Осыған орай Нурбекова Салтанат

			Молотовнаның «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» атты диссертация тақырыбы қоғам талабынан туындаған қажеттілік екендігі байқалады. Диссертация мазмұны қазіргі таңда мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың өзектілігі зор екендігін дәлелдейді.
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмері);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Нурбекова Салтанат Молотовнаның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D012 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағыты бойынша ұсынылған.</p>

2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> /қоспайды? Ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған	Диссертациялық жұмыс мектепке дейінгі білім беру саласына өзінің елеулі үлесін қосады. Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ілімінің, соның ішінде мектепке дейінгі білім беру саласына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі. Зерттеу жұмысының нәтижелері еліміздегі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамыту мәселесін көтеруімен маңызды. Мәселенің маңыздылығы толықтай ашылған .
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Нурбекова С.М. диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін толықтай ұстанған. Өзі жазу деңгейі жоғары . Ақпараттарға талдау жүргізуінен, зерттеудің логикалық бірізділігінің сақталуынан жұмыстың жазу деңгейінің жоғарылығы, зерттеушінің дара стилінің бар екендігі байқалады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген	Зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделген . Диссертациялық жұмыстың өзектілігі мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту мен оны жүзеге асырудың теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделуінің жеткіліксіздігі мен педагогикалық-психологиялық тұрғысынан күрделілігі және оны шешудегі ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілудің төмендігінен көрінеді.

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды 3) айқындамайды 	<p>Диссертация зерттелу аясы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды зерттеуді қамтып, мәселені жан-жақты толық көлемде айқындайды.</p>
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді, өзара қисынды байланысқан. Зерттеуші мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеп, әдістемелік кешенін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру мақсатына нақты алынған міндеттер негізінде қол жеткізген. Диссертацияның 1-ші тарауында 1-ші міндетіне сай ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту мектеп жасына дейінгі балалардың құндылықтар жүйесін қалыптастыруға және бала тұлғасын дамытудағы биогендік, социогендік, психогендік факторлардың маңыздылығына; баланың шығармашылығын дамыту мен өзін-өзі көрсетуге білім, білік, тәрбиенің ықпалының жиынтығына бағытталған; баланың қабілеті, ойлауы, қиялы, зейіні, есте сақтауы, сөйлеуі, сенімі, ерік-жігері мен эмоциясы ретінде креативтік әлеуетін дамытуға ықпал ететін танымдық</p>

			<p>үдерістер сипатталып, мәселе теориялық – әдіснамалық тұрғыда негізделген. 2-ші міндет бойынша ойын үдерісінде мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттары, оның ішінде: балалардың креативті әлеуетін дамытуға бағытталған педагог пен бала арасындағы интерактивті әрекеттестік; балалардың тұлғааралық тиімді қарым-қатынасы үшін шығармашылық кеңістік ретінде заттық-дамытушы ортаны құру және балалардың өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі жүзеге асыруына қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құруда ата-аналар мен педагогтердің тиімді өзара әрекеттесуі; 3-ші міндет бойынша балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік, рефлексиялық - бағалаушылық компоненттері, диагностикалық өлшемдері мен көрсеткіштері; тұғырлары және әдіснамалық ұстанымдары айқындалған, тәрбиелеу-білім беру үдерісінің құралдары, әдістері, формалары, технологиялары мен креативтік әлеует түрлерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық модель 2 тарау мазмұнында көрініс тапқан. Тәжірибелік-эксперимент нәтижесі мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту әдістемесінің толықтай ашылуы 4-ші міндетке сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының бөлімдері мен</p>

		мен құрылымы логикалық байланысқан 1) <u>толық байланысқан</u> 2) жартылай байланысқан 3) байланыс жоқ	құрылымы логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Зерттеу жұмысының барлық тараулардағы теориялық мәліметтер мен ақпараттар, анықтамалар, тұжырымдамалар өзіндік ішкі тұтастығымен және қисынды бірізділікпен өзара байланысқан. Кіріспенің ғылыми аппаратындағы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ғылыми тұжырымдалған теориялық ұстанымдар, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар логикалық толық байланыста орындалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Ғылыми зерттеу жұмысы мақсат-міндеттеріне сай орындалған. Отандық, шетелдік, ресейлік ғалымдардың зерттеулеріндегі креативтілік және ойын теорияларына сыни талдаулар жасалынған , бұрыннан белгілі теориялармен салыстырмалы түрде бағаланған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеу жұмысында ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып саналады. Ғылыми нәтижелер жаңалығы деп төмендегілерді айтамыз: бірінші жаңалығы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін

		<p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>ойын арқылы дамытудың философиялық, педагогикалық, психологиялық аспектілеріне теориялық талдау жасап, зерттеуде басшылыққа алған әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдардың айқындалуымен негізделген.</p> <p>Екінші жаңалығы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың мәні, құрылымы, факторлары анықталып, мектеп жасына дейінгі ересек балалардың креативтік әлеуеті, ойын іс-әрекеті ұғымдары анықталған.</p> <p>Үшінші жаңалығы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық шарттарының жүзеге асуы мен жүйелік, іс-әрекеттік, жеке тұлғалық, когнитивтік, интегративтік тұғырларға мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттерінен, мотивацияны қолдану, сенім және қолдау, ғылымилық, еркін шығармашылық, ынтымақтастық, мәдени диалог ұстанымдарына негізделген өлшемдері, көрсеткіштері, әдістері, технологияларынан, диагностикасынан тұратын құрылымдық-мазмұндық моделінің жаңадан жасалуымен сипатталған.</p> <p>Төртінші жаңалығы мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған «<i>Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту</i>» бейімделген</p>
--	--	--	---

			<p>бағдарламасынан, креативтік ойындарды ұйымдастыру алгоритмінен, «100 креативті ойын» әдістемелік жинағынан, авторлық этнографиялық «Зергер» ойынынан тұратын әдістемелік кешен дайындалған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, қорғауға ұсынылған қағидалар оны дәлелдейді. Бірінші қорытынды мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздеріне талдау жасалды. «Креативтілік», «креативтік әлеует», «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуеті» ұғымдарының мәні айқындалып, анықтама берілді. Ересек жастағы балалардың қалыптасуы мен дамуындағы биогендік, социогендік, психогендік факторлардың маңыздылығы; баланың шығармашылығын дамытуға және өзін-өзі көрсетуге білім, білік, дағдыларының әсері; баланың қабылдауы, ойлауы, қиялы, зейіні, есте сақтауы, сөйлеуі, сенімі, ерік-жігері мен эмоциясы ретінде баланың шығармашылық әлеуетін дамытуға әсер ететін негізгі танымдық үдерістері зерттеліп, негізделді. Екінші қорытынды балалардың креативтік әлеуетін дамытуда ойынның түрлерін, маңызын, қызметін қарастыра келе, баланы дене, танымдық, эмоционалдық, зияткерлік, әлеуметтік жағынан дамытудағы</p>

		<p>ойынның мүмкіндіктері анықталды. Ойын үдерісінде ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуға бағытталған педагог пен бала арасындағы интерактивті әрекеттестік; тұлғааралық тиімді қарым-қатынасы; заттық-дамытушы ортаны құру және балалардың өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі жүзеге асыруына қосымша мүмкіндіктер жасау; қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру, баланың креативтік әлеуетін дамытудың бірлескен білім беру бағытын жасауда ата-аналар мен педагогтердің тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін мазмұндық, ұйымдастырушылық, әдістемелік шарттары анықталды. Үшінші қорытынды мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Төртінші қорытынды мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы тиімді дамытуды қамтамасыз етуде мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған <i>«Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың»</i> бейімделген бағдарламасы, креативтік ойындарды ұйымдастыру алгоритмі, <i>«100 креативті ойын»</i> жинағы мен авторлық этнографиялық <i>«Зергер»</i> ойынынан тұратын әдістемелік кешен әзірленді.</p>
--	--	--

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту әдістемесінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. «<i>Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың</i>» бейімделген бағдарламасынан, креативтік ойындарды ұйымдастыру алгоритмінен, «<i>100 креативті ойын</i>» жинағынан, авторлық этнографиялық «<i>Зергер</i>» ойынынан тұратын кешеннің ұсынылуы техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдеріне негізделе отырып ұйымдастырылған. Зерттеу тұжырымдары тәжірибелік-эксперимент нәтижелерімен, ғылыми басылымдағы еңбектерімен расталынады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Жасалған тұжырымдар негізі зерттеу тақырыбына байланысты кешенді де жүйелі ғылыми еңбектер мен қағидаттардан бастау алған. Зерттеудің қорытындылары дәлелдемелерде ғылыми көзқарас тұрғысынан алғанда салмақты да шынайы деректерге негізделген және жақсы дәйектелген. «<i>Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың</i>» бейімделген бағдарламасының әзірленуімен, түрлі педагогикалық технологиялардың қолданылуымен қамтамасыз етілген.</p>

7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі</p> <p>1) тар</p> <p>2) орташа</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік нәтижесі болып табылатындықтан диссертация жұмысының қағидаттары толығымен дәлелденген. Қорғауға ұсынылған қағидаттардың барлығы тривиалды емес. Қағидаттардың барлығы жаңа, қорғауға ұсынылатын қағидаттар қорытынды ұсыныстар жасауға негіз ретінде дәлелденді. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттардың қолдану деңгейі кең. Қорғауға ұсынылған қағидаттарды мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен болашақ мамандары, түрлі дамыту орталықтарының педагогтері, кәсіби біліктілікті жетілдіру институттарының оқытушылары да қолдануға болады. Диссертациялық жұмыс бойынша 12 еңбек жарияланып, олардың мазмұны зерттеу жұмысының негізгі идеялары, қағидалары, нәтижелері, тұжырымдарын қамтыды. Олар: Scopus деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда – 1, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 4, Google Scholar, Research Bible, Index Copernicus халықаралық библиографиялық деректер базасында индекстелген басылымда -1, халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында – 4, бейімделген бағдарлама –1, ойындар</p>
---	--	--	---

			жинағында – 1 жарық көрген. Зерттеу еңбегінде диссертанттың өз мақалаларына сілтеме жасалған. Жарияланған еңбектерде зерттеу қағидалары дәлелді пайымдалған.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> 2) жоқ	Зерттеу еңбегінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды зерделеуге қатысты әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар қарастырылып, ғылыми тұрғыда негізделген.
		8.2 диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> 2) жоқ	Жұмыстың эксперименттік бөлімінде зерттеу нәтижелерінің тиімділігін анықтау Стьюдент критерийі негізінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып өңделген. Сонымен қатар, диссертацияда сызба, сурет, кесте түрлері кеңінен қолданылған. Диссертацияда компьютерлік технологияларды қолданумен қатар, классикалық зерттеу әдістері мен статистикалық өңдеулер кеңінен пайдаланылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған	Зерттеуші тарапынан мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту теориялық – әдіснамалық тұрғыда негізделіп, «креативтік әлеует» ұғымының мәні, құрылымы, факторлары анықталған. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін

		(педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді) 1) <u>ия</u> 2) жоқ	ойын арқылы дамытудың мақсат, міндеттері, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштерінен тұғырлары мен ұстанымдары, педагогикалық шарттардан тұратын құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып ұсынылған. Диссертация жұмысының нәтижелері педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /ішінара расталған/расталмаған	Диссертацияда мектепке дейінгі білім беру саласындағы зерттеу жұмыстарына қатысты отандық, алыс және жақын шетелдік әдебиеттер кеңінен қолданылып, маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерге сілтемелермен расталған .
		8.5 Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Зерттеу барысында 369 әдебиет пайдаланылған. Қазақстан Республикасының заңдары, білім саласына қатысты нормативтік құжаттар, қаулылар, стандарттар, бағдарламалармен бірге, ғылыми еңбектер және т.б. қолданылған әдебиеттер зерттеу тақырыбына жеткілікті алынған, толықтай сәйкес .
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар 1) <u>ия</u> 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар : мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуімен; мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық шарттарының анықталуымен; мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың

		құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуымен құнды.
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы зерттеу нәтижелерінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды тиімді қамтамасыз ету мақсатында <i>«Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың»</i> бейімделген бағдарламасы; <i>«100 креативті ойын»</i> жинағы; авторлық этнографиялық <i>«Зергер»</i> ойыны және креативтік ойындарды ұйымдастыру алгоритмінен тұратын әдістемелік кешен әзірленген. Аталған кешенді жоғары педагогикалық оқу орындары мен колледжердегі мектепке дейінгі ұйым педагогтерін кәсіби даярлау үдерісінде, кәсіби біліктілік жетілдіру курстарында, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру үдерісінде, қосымша білім беру ұйымдарында пайдалануға болады.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Зерттеу негізінде ұсынылған практикалық ұсыныстардың толығымен жаңа және шынайы. Себебі, елімізде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту мәселесінің жаңадан зерттеле бастауына орай практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p>

10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары 2) орташа 3) орташадан төмен 4) төмен	Академиялық жазу сапасы жоғары . Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
----	---------------------------	---	--

Шешім: С.М. Нурбекованың «8D01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған ғылыми жұмыс деп есептеймін.

Зерттеу жұмысының Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сай жазылғандығын ескере отырып, **С.М. Нурбековаға «8D01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.**

Ресми рецензент,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор,
Астана халықаралық университеті (AIU)



З.Е. Жумабаева

З.Е. Жумабаева